2023-2024 оқу жылының қыркүйек айының 1-нен бастап, барлық білім беру мекемелерінде ұлттық құндылықтарға негізделген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» енгізілді. Мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу. Міндеттері: ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. -Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді және әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу. Құндылық, мінез-құлық, ішкі сенім, тұжырым жасау, шешім шығаруға керек негіз. Сондықтан да Біртұтас Ұлттық құндылықтарға АР-ҰЯТ құндылықтары арқылы білім алушылардың тәрбиесін ізгілендіруді мақсат негізделген тәрбие беру бағдарламасы кісілік келбетті айқындайтын ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, ТАЛАП, етеді. Қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық құндылықтарға негізделген біртұтас ұлттық тәрбие бағдарламасын мектепте іске асыру көзделеді.

Осы бағдарламаны іске асыру мақсатында алдымен педагогикалық ұжыммен, сынып жетекшілермен, мектеп оқушыларымен және олардың ата-аналарымен «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» және «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» бойынша түсінік жұмыстары жүргізілді. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсат, міндеттері мен құндылықтары бойынша түсінік берілді. Жаңа бағдарлама ұлттық тәрбие, ар-ұят, талап принциптеріне негізделіп құрылған.

Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, ұлттық мүддені жоғары қоятын, өзінің туған жерін, Отанын қадірлейтін және оның әрі қарай дамуына серпін беретін, терең білімді, озық

ойлы, адал және ұлттық болмысы айқын тұлға тәрбиелеу мақсатында көптеген іс-шаралар ұйымдастырылды.

Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Ұлағатты ұрпақ ұлттың сапасын құрайды. Ұйымдастырылған шаралар барысында ар-ұят, намыс, адалдық, отаншылдық, жауапкершілік, әдептілік пен инабаттылық, мейірімділік пен бауырмалдық, отбасына сүйіспеншілік, үлкенге құрмет, кішіге ізетті болу қасиеттері берік қалыптасқан жасампаз азаматты тәрбиелеу маңыздылығы ескерілді.

Мектебімізде 1 қыркүйек білім күніне орай «Мектебім –мейірім мекені» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді. Сонымен қатар 1-9 сыныптарда бірінғай сынып сағаттары өткізілді. Тәрбие жоспарына сай «Менің жазғы саяхатым» мектеп оқушыларының жазғы демалыстарынан республикалық Челлендж ұйымдастырылды. 7-8 сынып оқушылары видеороликтер түсірді..

«Менің үлкен сыныптастарым» тақырыбында Республикалық Челлендж ұйымдастырылды. Оқушылардың «сыныптас», «достық» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту мақсатында жүзеге асырылды.

Мектебімізде 5 қыркүйек- Қазақстан халықтарының тілдері күніне орай "Тіл-достықтың алтын көпірі "атты 5-9 сыныптар арасында апталық жүргізілді. Жауапты мұғалімдер: Ерманова М., кітапханашы Узакбаева А., Сынып жетекшілер. Адал ұрпақ ерікті мектеп клубы мүшелерінің қатысуымен "Еңбек - ел мұраты" тақырыбында кездесу болып өтті. Кездесуге ауыл медбикесі, клуб меңгерушісі қатысты.

Мақсаты: Қажырлы еңбектің арқасында табысқа жеткен адамдардың тәжірибесін, еңбек етуге деген сүйіспеншілікті насихаттау.

6 сыныпта "Отбасым-алтын діңгегім!" атты тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Отбасы-отанымыздың ошағы. Отбасындағы негізгі құндылықтарды оқушы бойына сіңірту. Отанға деген ыстық сезімдерін, туған -туысқандарына сүйіспеншілікті қалыптастыру. Сынып жетекшісі: Ерманова М.Б.

5 сынып оқушылары арасында «Із кесуші» акциясы өткізілді. Акцияның мақсаты: Оқушылардың көңіл-күйлерін көтеру, ұжымдық ортада өзін-өзі ұйымдастыру. Акцияға оқушылар белсенділік танытып, берілген сұрақтарға қызығушылықпен жауап берді. Өткізген : Балпашова Г.И.

"Қайырымды істер акциясы іс-шара жоспарына сай "Ата-анам және мен " тақырыбында Отбасылық толағай сайысы өткізілді. Өткізген: Мусиров М. Сатығалиев Қ.

"Қайырымды істер акциясы іс-шара жоспарына сай "Жанымда жүр жақсы адам " тақырыбында қоршаған ортамен адамның арасындағы байланысты нығайту мақсатында , тұрмыстық заттар қолдануда, қоршаған ортаны қорғауға тәрбилеу негізінде өткізілді. Өткізген: Шармұханов Б.

"Қайырымды істер акциясы іс-шара жоспарына сай "Қоғамға қызмет мүшелерімен өзін-өзі басқару мүшелері " "Жақсылық жасау" эстафетасы бойынша ауылдағы қарт кісілерге көмек көрсетті. Өткізген: Жайлыбаева Б. Әлімова А.

Ата-аналар жиналысы. Жақсыбайкөл негізгі мектебінде 27 қыркүйек күні жалпы ата-аналар жиналысы өтті. Күн тәртібінде қаралған мәселелер: □ Ата-аналар комитетін сайлау.

"Балаларға қатысты зорлық- зомбылық фактілеріне ден қою алгоритмі" бойынша ата-аналармен "Отбасымызда зорлық- зомбылыққа жол жоқ" тақырында ақпараттық- түсіндіру

жұмыстары жүргізілді. Түсіндіру жұмыстары арасында Ынтымақтастыққа, бірліктерін, ұйымшылдықтарын нығайту мақсатында "теңге алу", "ұшақ ұшыру" тренингтері ойнатылды. Өткізген: психолог Балпашова Г.

20-шы қазан Жақсыбайкөл негізгі мектебінде Көптоғай ауылдық округінің учаскелік полиция қызметкері Бисебаев Д балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында түсінік жұмыстары жүргізілді.

"Мектеп парламенті" өзін-өзі басқару ұйымының президентін сайлауы өткізілді. Сайлауға 8-9 сынып оқушылары сайлау алдындағы бағдарламаларын ұсынды. Сайлау ережеге сәйкес ашық дауыс беру негізінде өткізілді. Комиссия мүшелерінің шешімімен ең көп дауыс жинаған 8 сынып оқушысы Сисимов Жантілек Жаңбырбайұлы 2023-2024 оқу жылының "Мектеп парламенті" өзін-өзі басқару ұйымының Президенті болып сайланды.

25-ші қазан Республика күніне орай "Тұғыры биік Тәуелсіз Қазақстан" тақырыбында ұшқыр ой дебат клубында пікірталас болып өтті. 7-8 класс оқушыларынан ЖасStar және Шабыт фракциялары қатынасып, әділқазылар шешімімен Шабыт фракциясы жеңіске жетті.

Мақсаты: Тұғыры биік Тәуелсіз еліміздің теңдігін ұстап қалу бүгінгі жас ұрпақ екенін айта отырып, оқушылардың ой-өрісін дамыту, шешендікке тәрбиелеу. Өткізген: Т.Байқуат

"ҚЫРАН ЕЛІМ-ҚАЗАҚСТАН!" ПАТРИОТТЫҚ АКЦИЯСЫ 25 -ші қазан Республика күні мерекесіне орай Жақсыбайкөл негізгі мектебінде 23 қазан барлық білім алушылар мен педұжым іс-шаралар жоспарына сәйкес, "Қыран елім-Қазақстан" патриоттық акциясына қатысып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранын шырқады.

25 -ші қазан Республика күніне орай құрылған жоспарға сай. 23.10.2023

"Бірлігіміз жарасқан Қазақстан" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға ҚР ұлттық мерекесінің маңыздылығын түсіндіріп, отаншылдық құрмет құндылығы дарыту. Білім алушылардың бойына туған еліне деген құрмет пен отаншылдық құндылығын дарыту. Өткізген: Уткелбаева А.С.

23 -ші қазан тәрбие жоспарына сай "Бағдаршам біздің досымыз" тақырыбында 1-2 класс оқушыларына тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Жолда жүру ережесін есте сақтауға, жол белгілерінің неше түрі бар, оны білу не үшін қажет, бағдаршамның, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйрету.

Кл.жетекші: Исагалиева Ж. Сабырова Г.

"Отбасылық дәстүрлер" тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Өз отбасына деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін, ата-аналарға құрмет сезімін тәрбиелеу;

- Өз отбасының тарихына, отбасылық дәстүрлерге қызығушылықты дамыту;

- Сыныптастарының отбасыларына деген құрмет, оң қарым-қатынасты қалыптастыру;

15 қараша күні "Отбасы және бала тәрбиесі" тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. ДТІЖО: Ж.Шаутенов түсінік жұмыстарын жүргізіп және мектеп психологі

Г.Балпашова тренинг өткізді. Ата аналарға "Әр бала зорлық зомбылықсыз өмірге құқылы" тақырыбында жаднамалар таратылды.

"Бір тұтас тәрбие" жоспарына сай 7 сыныпта "Салауатты отбасы - дені сау ұрпақ" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға ең бірінші байлық денсаулық екенін, өз денсаулығына, отбасы денсаулығына көңіл бөлуге үйрету. Өткізген: Сәндібек А.

Ата - аналарды педагогикалық қолдау жоспарына сай. "Бұлақ көрсең, көзін аш" тақырыбында 5-7 класс оқушыларының ата - аналарына жиналысы өткізілді.

Мақсаты; шығармашыл тұлғаны қалыптастыру және дамыту;

отбасы мен мектептің өзара әрекетін сабақтастыру.

"ДОСБОЛЛИКЕ достық қолын ұсын" акциясының жоспарына сәйкес "Шығармашылық ынтымақтастық" тақырыбындағы театрланған қойылым барысында "Балалар және театр" үйірмесінің оқушылары М.Мақатаевтың "Бақыт деген не өзі?" Тақырыбындағы өлеңге шағын қойылым қойды. Жетекші: Т.Байқуатов

1-мамыр бірлік күніне орай 5 сыныпта " Ынтымағы жарасқан туған өлкем -Қазақстан " тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты:Оқушыларға Қазақстан Республикасы әлемде ең алғашқы мемлекеттердің бірі болыр сырттан келген басқа ұлт өкілдерінн алтын бесік болғандығын ұғындыру. Қазақстандық патриотизмге,елін жерін сүйуге және халқын құрметтеуге тәрбиелеу. Басқа ұлт өкілдерінің мәдениетін әдет- ғұрпын сыйлауға үйрету 24 мамыр күні 7 сыныпта “Білімім Отаныма” тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты; Оқушыларды қазіргі заман талабына сай терең білім алуға ынталандыру;

Жас ұрпақтың танымдық көзқарасын, ой-өрісін, дүние-танымын кеңейту, іскерлік қасиеттерін дамыту,логикалық ойлау, сөйлеу қабілеттерін шыңдау, оқушылар бойына ұлттық мәдени құндылықтарды сіңіру.Мемлекеттік тілімізді сүйе білуге үйрету, туған елін, жерін құрметтейтін саналы, ізденімпаз болуға тәрбиелеу.

Жақсыбайкөл негізгі мектебінің 2024-2025 жылғы тәрбие жұмысының талдауы

«Біртұтас тәрбие бағдармаласы» аясында жүргізілген шаралар

Әр аптаның дүйсенбі күндері сынып сағаты және сынып сағатының соңында 10 минут қауіпсіздік сабақтарына арналды.

Апта сайын « Менің Қазақстаным» -оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының әнұранын орындады.

«Апта дәйексөздері» - апта сайын аптаның дәйексөздері апқараттық стендтерде, Led-экрандарда, сыныптардың тақталарында орналастырылды.

«Қауіпсіздік сабағы» - жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін ,қауіпсіз мінез-құлқын және т.б сақталуы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат берілді.

Күнделікті атқарылған іс-шаралар

«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» -үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру мақсатында: асық,тоғызқұмалақ, бес тас ойындары

«Өнегелі 15 минут» -ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут әңгімелесуі

«Күй күмбірі» - қоңыраудың орнына күй пайдаланылып, үзіліс кезінде күй тыңдалды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша үзіліс кезінде 5 минут кітап оқу акциялары тұрақты түрде ұйымдастырылып отырды.

1-қыркүйек Білім күніне орай «Мектебім -мейірім мекені» атты салтанатты жиын өтті.

Айдың алғашқы аптасынада «Отаным-Қазақстан» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаты өткізілді. 5-қыркүйек -Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай 5-8 сыныптар арасында «Тіл-достықтың көпірі» атты сонымен бірге Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы мен өмірі туралы әдеби кеш өткізілді. Қыркүйек айында «Отбасындағы сыйластық», «Еңбек түбі береке» , «Ұстаз -ұлы тұлға» тақырыбында сынып сағаты өтті.Қазан айында «Қоғамға қызмет ету», «Ұстазым ұлағатым үлгі өнегем» , «Рахымжан Қошқарбаев, Рейхстагқа тігілген ту», «Бірлігі жарасқан-Қазақстан» қараша айында «Ұлттық валюта-теңге», «Адал азамат-Адал табыс», «Әділдік пен жауапкершілік»,желтоқсан айында «Ұлттық құндылықтар тәрбие қазығы», «Желідегі қауіпсіздік», «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз», «Буллингтен қорған»

,қаңтар айында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз», «Заң мен тәртіп» , «Буллингтен қорған», ақпан айы «Жасампаздық пен жаанашылдық» ,«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам», «Құқықтық тәртіп пен әлеуметтік жауапкершілік», наурыз айында «Алғыс-ізгі ниет», «Наурыз-жыл басы», «Көрісу айт-ынтымақ пен берекенің бастауы», сәуір айы « Қоғамдық мүлікті қорға», «Адалдық сағаты», «Буллингтен қорған», мамыр айы «Біз әртүрліміз , біз теңбіз» , «Бірлік сабақтары», «Ерлік сабақтары», «Білімім Отаныма» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

«Біздің мектеп буллингке қарсы», «Біз буллингке қарсымыз» челленджері ұйымдастырылды.

Қауіпсіздік мәселесі бойынша 26 қыркүйек күні педагогикалық ұжыммен , 27 қыркүйек күні ата-аналармен «Бала қауіпсіздігі- қоғам келешегі» атты жиналыс өтті.

«Пайдалану салдары мен есірткі заттардың заңсыз айналымы үшін жауапкершілік, қоғамдық негізгі құндылықтар, кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың себеп-салдары, балалар арасындағы суицид, әлеуметтік желідегі құқық бұзушылықты насихаттайтын ақпараттардың жастардың дамуын кері әсері» тақырыбында 21 қараша күні оқушыларға дәріс оқылып, түсінік жұмыстары жүргізілді.

«Smart Bala» жобасы бойынша жауапты маман ретінде Сәндібек Айсұлу сайланды. "Startup" байқауы, Өнертапқыштыққа алғашқы қадам байқауы, "Үздік бизнес жоба" байқауы өтті.

«Шабыт жобасы» бойынша жауапты маман Жайлыбаева Б сайланды.

"Мұғалім беделі неде?" пікірсайыс , "Даналық ұстаздан" челленджі , "Ананың аялы алақаны" челленджі ұйымдастырылып, мектеп театры барысында «Мақта қыз бен мысық» ертегісі сахналады, мамыр айында «Жас сарбаз», «Әншуақ» фестивалі өтті.

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы жауапты маман :Байкуатов Т

"Тұғыры биік тәуелсіз Қазақстан" , "Қазақстан жастары қаншалықты патриот" , "Ұлттық валюта" , "Еріктілер ел үшін қызмет етеді" , "Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті" , "БАҚ--тың пайдасы мен зияны" , "Біздің жастар ұлттық құндылығымызды дәріптейді ме?" тақырыптарында пікірсайыстар өтті.

«Қамқор» жобасы жауапты маман :Қатарбаева А

«Birgemiz :Taza Alem» акция,«Қарттарға құрмет-ұрпақ парызы» акция , "Жанашыр жүрек" акциясы ,Еріктілер ел үшін қызмет етеді (видеоролик), "Құстарға көмек" акциясы, Жақсылық эстафетасы, "Табиғатқа қамқорлық жасаймыз" акциясы, «Түлектердің ағаш егуі» экокочеллендж, «Тал-бейбітшілік нышаны» акциясы тұрақты түрде ұйымдастырылып, оқушылар белсене қатысты.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша жауапты маман: Ғалымжан А

"Күзгі асар" жәрмеңкесі, "Мамандықтар әлемі" «Мамандықтар марафоны» тақырыптарында сабақтар өтті.

«Балалар кітапханасы» жобасы бойынша жауапты маман: Узақбаева А

"Ұшқан ұя" туындысы, "Демалыста кітап оқимыз" , "Әдеби кейіпкерлер әлемі" әдеби кеш, "Шын жүректен кітап сыйла" челлендж ұйымдастырылды. «Халқын сүйген қаламгер» атты әдеби кеш өтті.

Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жасампаз азаматтық құндылықтарға бағытталған. Ата-аналармен қоғамдастық байланысты жандандыру, алқалы басқару жүйесін жетілдіру негізінде Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы құрылды. Ата-аналар орталығының ашылу салтанаты болып өтті. Жоспарға сәйкес әр

сыныпта төмендегідей жұмыстар жүргізілді.,

Қазан айында «Сапалы ұйқы: балалардың дамуы мен денсаулығының іргетасы», қараша айында «Жасөспірімдердегі ұйқы: Оқуға және мінез-құлыққа әсері», «Дені сау ұрпақ үшін, дені сау отбасылар», «Дұрыс тамақтану әдет-ғұрпын құру», желтоқсан айы «Жадыны дамыту», «Назар аударуды дамыту», қаңтар айы «Балаңыздың ой-пікірін ояту», «Логикалық ойлауды үйрену», ақпан айы «Жасөспірімнің түсінік алу және қабылдау тәртібі», «Отбасылық келісімнің кепілі сенімді қарым-қатынас», наурыз айы «Бүлдіретін сыртқы әсерлерге балалардың қарсы тұруы», «Баланы өзінің және басқа адамдардың сезімін түсінуге үйрету тәртібі», сәуір айы «Балалардың қауіпсіздігі», «Балаңыз төтенше жағдайға дайын ба?», мамыр айы «Әкелік-бала бақытының қайнар көзі», «Бақытты ана құпиялары» тақырыптарында ата-аналарды педагогикалық қолдау сабақтары өтті. Ата-аналардың қатысым көрсеткіші жақсы.

«Даналық мектебі» құрылды. «Туыстық қарым-қатынас баға жетпес байлық», «Шеше көрген тон пішер», «Әжелердің өшпейтін өнегелі үлгісі» әжелермен кездесу, «Жирен жаман әдеттен» танымдық сағат, «Жеңге мінезімен көркем», «Отбасы құндылығы (Жеңгелерге жеті кеңес)» жеңгелермен кездесу кештері өтті.

Қыз балалармен жұмыс бойынша «Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі» маман кеңесі, «Garmonia» (арт-терапия) шеберлік сағаты, «Әдемі күл, сыпайы жүр, сұлу ойлан» тренинг, «Шаш өру-қазақ қызына тән» шеберлік сағаты, «Қыздар сұлу көрінер қылығымен» қыздарға арналған қарапайым кеңестер, «Ерте жүктіліктің алдын алу» мектеп медбикесінің кеңесі, «Қыз тәрбиесі- ұлт тәрбиесі» тақырыбында шаралар өтті.

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында жол картасы бойынша Қазақстанның рухани құндылықтары туралы ақпараттық-танымдық 20 материал дайындалып, өткізілді. «Қазіргі қоғамдағы отбасы» (сынып сағаты) қыркүйек айы, «Мемлекеттік рәміздер-ұлт мақтанышы» (сынып сағаты қазан айы, «Отбасындағы әке тәрбиесі» (кездесу) қазан айы, «Отбасы өмір шуағы» (сынып сағаты) қараша айы, «Көркем мінез-баға жетпес байлық» (кездесу) қараша айы, «Дәстүрімнің балқаймағы әжелер» (кездесу) желтоқсан айы, «Ұлттық құндылықтар» (сынып сағаты) желтоқсан айы, «Баталы елге бақ қонар» (сынып сағаты) қаңтар айы, «Ұлттық ойын-халық мұрасы» (сайыс) қаңтар айы, «Бабалардан қалған асыл мұра» (сынып сағаты) ақпан айы, «Эмоционалдық интеллект табысты тұлғаның негізі» (тренинг) ақпан айы, «Қазақ халқының салт дәстүрлері» (танымдық сағат) наурыз айы, «Ұлттық киім-ұрпаққа мұра» (челлендж) наурыз айы, «Ұлттық құндылықтар ұлт тірегі» (сынып сағаты) сәуір айы, «Отбасындағы ата-ана тәрбиесі» (сынып сағаты) мамыр айы, «Сапалы білім- саналы ұрпақ» (дөңгелек үстел) мамыр айы.

Жасөспірімдердің зайырлылық қағидаттарын нығайту, қылмыстың алдын алу мақсатында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу бойынша өткен түсінік жұмыстары бойынша «Бала қауіпсіздігі-қоғам келешегі» түсінік жұмыстары, «Құқықбұзушылықтың, буллингтің алдын алу», «Кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың салдары, әлеуметтік желідегі құқық бұзушылықты насихаттайтын ақпараттардың жастардың дамуына кері әсері», «Пиротехникалық құралдардың қолдануы барысында қауіпсіздік пен салдары», «Құқық бұзушылықтың алдын алу», «Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» тақырыптарында учаскелік полиция Бисебаев Д мен бірігіп түсінік жұмыстары ай сайын жүргізілді.

Діни экстремизм мен терроризм идеологиясына қарсы жасөспірімдермен профилактикалық

жұмысты ұйымдастыру, Интернеттегі балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кибербуллингтің алдын алу мақсатында атқарылған жұмыстар:

«Интернеттегі балалар қауіпсіздігі, кибербуллингтің алдын алу» сынып сағаты қыркүйек «Менің дінге деген көз қарасым» дөңгелек үстел қараша айы, «Теракт деген не?» сынып сағаты желтоқсан айы, «Дін тәрбие діңгегі» сынып сағаты қаңтар айы, «Діни экстремизм мен терроризм әлемге төнген қауіп» сынып сағаты қаңтар айы, «Діни экстремизм мен терроризм туралы түсінік» ақпан айы, «Діни экстремизмнің алдын алу» түсінік жұмыстары наурыз айында өтті.

Діни экстремизмнің алдын алу бағытында психологиялық тренингтер ұйымдастырылды.

«Өмір қымбатсың маған» 1-тоқсан, «Стрессті жеңу жолдары» 2-тоқсан «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» 3-тоқсан, «Сенімділік кілті» 4-тоқсанда өтті.

Өткізген мектеп психологі: Балпашова Г.

Сыбайлас жемқорлық алдын алу мақсатында 9 қазан күні «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында спикерлермен кездесу, жадынамалар тарату, «Тәртіпті өзіңнен баста» атты хабардар етуге бағытталған акция, флешмоб, түсінік жұмыстары тұрақты жүргізілді.

Нашақорлықтың алдын алу мақсатында ауыл медбикесі оқушылармен кездесіп

«Нашақорлыққа жол жоқ» тақырыбында баяндама оқып, түсінік жұмыстарын жүргізді.

«Есірткіге жол жоқ» челленджі, «Салауатты өмір салты денсаулықтың кепілі» спорттық шара, теннис үйірмесі мүшелері арасында спорттық жарыс өтті

Каникул кезінде атқарылған жұмыстар: Күзгі каникул жоспарына сай «Қазақстан жастары қаншалықты патриот» тақырыбында пікірсайыс, «Дені сау ұрпақ-қоғамның қуатты күші»

атты қозғалмалы, үстел үсті спорттық ойындар, «Менің демалыстағы бір күнім»

бейнеролигі, «Күзгі сыйлықтар» оқушылар ата-аналарына, бауырларына, достарына күзгі сый сыйлады. Қысқы каникул кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру

мақсатында «Жұлдызды сәт» ән байқауы, «Біздің отбасымыздағы жаңа жыл» онлайн фотожоба, «Қыс ғажайыптары» сурет байқауы, «Қыс мүсіні», «Интернет кітапты алмастыра ала ма?» тақырыбында дөңгелек үстел, «Ұлттық ойын-ұлт болмысы» ұлттық ойындар ұйымдастырылып, «Үйірменің үйретері мол» үйірме жұмыстары уақытылы жүргізілді.

«Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» халықаралық акциясына орай ұйымдастырылған іс-шаралар:

25 қараша-10 желтоқсан аралығында рейдтік шаралар ұйымдастырылды. 25 қараша «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз» сурет көрмесі, 26 қараша «Атадан ұлағат, анадан ғибрат» отбасылық құндылықтарды дәріптейтін шығармаларға ойталқы: Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» повесін талқылады, «Ізгілікпен сыйластық жолында» сынып сағаты, «Мейірімді қоғам»

эссе байқауы, «Өзін-өзі бағалау және сенімділікті қалпына келтіру тақырыбында әйел азаматтарға арналған тренинг, «Мейірім әлемді құтқарады» сурет байқауы,

«Заң және тәртіп» айлық акциясының жоспары бойынша Білім беру ұйымдарына алып кіруге тыйым салынған заттарды анықтау мақсатында рейд ұйымдастырылды. «Ата-ана мен білім беру ұйымы бір мүдде тақырыбында бірыңғай ата-аналар жиналысы өтті. Сабаққа қатысым мониторингі жүргізіліп, ата-аналарға «Ашық есік күні» білім беру өмірімен

таныстырылып, құқықтық дәрістер оқылды.

1-наурыз Алғыс айту күні, 8-наурыз Халықаралық әйелдер күні, 22-наурыз Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне орай жоспар бойынша іс-шаралар өтті. 28 ақпан күні «Жүректен жүрекке» челленджі, «Алғыс-ізгі ниет» атты бірыңғай сынып сағаттары, «Шын жүректен» челленджі, «Алғыс айтам бәріне» жәшігі орналастырылып, «Кімге алғыс айтар едің?» тақырыбында пікірсайыс өтті. 3-7 наурыз аралығында «Әлем арулармен әсем»

мерекелік шара, «Ана деген теңдесі жоқ ұлылық» зейнеткер ұстаздамен кездесу. «Ана туралы аңыздар» атты кітап көрмесі өтті. 11 наурыз күні «Мерген ару-2025» қыз балалар арасында патриоттық жарыс өткізілді. 13-14 наурызда «Көрісу күні» ардагер ұстаздарды құттықтау, «Амал келді- жыл келді» атты сурет байқауы, «Көрісу айт- ынтымақ пен берекенің бастау» атты бірыңғай сынып сағаттары, «Жеті атаңды білесің бе?» ұлттық құндылық тәрбиелік кеш, «Біздің жастар ұлттық құндылықтарымызды дәріптейді ме?» тақырыбында пікірсайыс болды. «Ұлттық киіммен мектепке» ұлттық киім кию, «Ұлттық киім дефилесі», «Ұлттық ойындар-халық қазынасы» оқушылар арасында ұлттық ойындардан сайыс, «Ұлтымыз ұлы күнін ұлықтайды» тақырыбында эссе жазып, «Қош келдің, әз Наурыз!» мерекелік концерт 20 наурызға дейін барлық шаралар өтті.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарын күшейту мақсатында «Құқықтық мәдениет» республикалық құқықтық сауаттылық акциясының жоспарына сәйкес іс-шаралар барысында: білім беру ұйымдарында алып кіруге тиым салынатын заттарды анықтау мақсатында ата-аналар кезекшілігі 1 сәуірден 25 мамырға дейін өтті. Ата-аналарға арналған бірыңғай ашық есік күндері ұйымдастырылып, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетілді. 15 сәуір күні «Ата-ана мен білім беру ұйымы бір мүдде» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. «Табысты болашақ» тақырыбында танымал тұлғалармен жасөспірімдердің танысуы және «Жақсылық эстафетасы» ұйымдастырылды.

1 мамыр-Қазақстан халқының бірлігі, 7 мамыр -Отан қорғаушылар, 9 мамыр-Жеңіс күндері мерекелеріне орай іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді. 28-30 сәуір аралығында «Қазақстан біздің ортақ үйіміз» патриоттық челленджі, «Дос болайық бәріміз» челленджі, «Қазақстан бірлікпен татулықтың ордасы» тақырыбында пікірсайыс, «Қазақстанның бірлігі-халықтар достығында!» кітап көрмесі ұйымдастырылып, «Қазақстан -біздің сүйікті, ортақ Отанымыз» білім алушылардың әлеуметтік желіде құттықтауы, «Әрқашан күн сөнбесін» асфальт үстінде сурет салу, «Көп ұлтты, тату елім-Қазақстан!» эссе байқауы және бірыңғай «Бірлік сабақтары» өтті. 02 мамыр күні «Мен елімнің патриотымын!», ән байқауы, «Әскердегі сарбазға хат» акциясы, «Мен болашақ сарбазбын» спорттық жарыс және бірыңғай «Ерлік сабақтары» өткізілді. Мамыр айының 5-6 күндері «Біз-Жеңістің мұрагерлеріміз» акциясы, «Отан қорғаушы- отбасымның мақтанышы» бейнежобалар, «Ерен еріліктері есімізде» мәнерлеп оқу сайысы, «Еркін ел ұрпағы» патриоттық диктант, «Желбірей бер, Жеңіс туы мәңгілік» тақырыбында оқушылардың құттықтауы өтті.

Тәрбие жұмысын талдай отырып, оң және теріс нәтижелерді ескере отырып, біз 2024-2025 оқу жылында қызметтің келесі аспектілеріне назар аудару керек деген қорытындыға келдік:

1. Мектепте атқарылатын әлеуметтік-педагогикалық жұмыстардың нәтижелігін арттыру үшін «Мектеп,ата-ана,оқушц» моделі негізінде жұмысты жандандыру.
- 2.Ата-анамен қарым қатынасты нығайту мақсатында педаогикалық қолдау сабақтарын жандандыру.

3. Цифрлық технологияларды кеңінен қолдану.

2022-2023 оқу жылы бойынша класс жетекшілер туралы мәлімет

Барлығы	педагогикалық өтілі					біліктілік санаты			
	жоқ	1-3 ж	3-5ж	5-10 ж	10 – нан жоғары	Педагог модератор	Педагог сарапшы	Педагог зерттеуші	Санаты жоқ
9	-	1	3		5	-	3	1	5

2023-2024 оқу жылы бойынша класс жетекшілер туралы мәлімет

Барлығы	педагогикалық өтілі					біліктілік санаты			
	жоқ	1-3 ж	3-5ж	5-10 ж	10 – нан жоғары	Педагог модератор	Педагог сарапшы	Педагог зерттеуші	Санаты жоқ
9	-	2	2	-	5	-	3	1	5

2024-2025 оқу жылы бойынша класс жетекшілер туралы мәлімет

Барлығы	педагогикалық өтілі					біліктілік санаты			
	жоқ	1-3 ж	3-5ж	5-10 ж	10 – нан жоғары	Педагог модератор	Педагог сарапшы	Педагог зерттеуші	Санаты жоқ
9	-	2	1	1	5	1	3	1	4

Білім алушыларды шығармашылыққа, салауаттылыққа баулу мақсатында білім алушылардың үйірме, секцияларға қатысуы:

Бүгінгі таңдағы негізгі мақсат- ұлттық құндылықты әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті, өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқушылардың белсенділігін арттыру, ізденімпаздыққа үйрету және білімді өз бетінше алуы мен

қолдана білетін дарын иесін тәрбиелеу керек. Жас жеткіншектердің бойындағы ерекше қабілетті дарындылықты тани білу, оның одан әрі дамуына бағыт-бағдар беру, оны сол бағытта жетелеу- ұстаз парызы.

Білім алушылардың қосымша білім беру ұйымымен қамтылуы

2022-2023 оқу жылы

жылдар	үйірме саны	Оқушы саны	Үйірме аты	Жетекшісі
2022-2023 оқу жылы	3	57	Информатика Қылқалам Дебат	Тайбурин Дастан Шармуханов Бекболат Байқуатов Төлеген
	Барлығы:3	Барлығы: 57 оқушы		

Білім алушылардың үйірме және секциялармен қамтылуы Барлық оқушы саны:57 Қамтылған оқушы саны: 39 Үйірмелер мен секцияларға қамтылған оқушылар- 68 %

2023-2024 оқу жылы

жылдар	үйірме саны	Оқушы саны	Үйірме аты	Жетекшісі
2023-2024 оқу жылы	3	47	Информатика Қылқалам Дебат	Тайбурин Дастан Шармуханов Бекболат Байқуатов Төлеген
	Барлығы:3	Барлығы: 47 оқушы		

Білім алушылардың үйірме және секциялармен қамтылуы Барлық оқушы саны:47 Қамтылған оқушы саны: 35 Үйірмелер мен секцияларға қамтылған оқушылар- 74,5 %

2024-2025 оқу жылы

жылдар	үйірме саны	Оқушы саны	Үйірме аты	Жетекшісі
2024-2025 оқу жылы	3	47	Волейбол Қылқалам Дебат	Сатығалиев Қуаныш Шармуханов Бекболат Байқуатов Төлеген
	Барлығы:3	Барлығы: 47 оқушы		

Білім алушылардың үйірме және секциялармен қамтылуы Барлық оқушы саны:47 Қамтылған оқушы саны: 41 Үйірмелер мен секцияларға қамтылған оқушылар- 87 %

Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселе.

2022-2023 оқу жылы Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Жыл сайын демалыс уақытындағы балалар мен жасөспірімдердің толық демалуларына танып білу,

шығармашылық және қоғамдық белсенділігін арттыруға, балалардың өзін-өзі ұйымдастыру қабілеттерін дамытуға, ғылыми, техникалық, көркем шығармашылық, спорт, саяхат пен өлкетану және басқа да танымдық қызмет түрлеріндегі білім мен іскерліктерін арттыруға жағдай жасау мақсатында 1 маусымнан бастап барлық білім беру мекемелерінде оқушылар үшін жазғы сауықтыру маусымы ашылды. Осы мақсатта Жақсыбайкөл негізгі мектебінде «ЖАЗ.BALA.FEST» жазғы демалыс алаңы өз жұмысын бастады. Жазғы демалыс балалардың жылдық бос уақытының айтарлықтай бөлігін алады. Ол мектептегі сабақтан гөрі баланың еркіндікке, өзі үшін қылықты істерді жасау және өз мүдделерінің еркін дамуы үшін қажеттіліктерін жүзеге асыратын кезең. Лагерь кез келген балаға өзін көрсетуге, өзін-өзі сыйлау мен өзін-өзі көрсете білудің жоғары деңгейіне жақындау мүмкіндігін береді. Жазғы сауықтыру маусымында лагерьде балалардың қабылдау дайындығын, өрт қауіпсіздігін, санитарлық-гигиеналық талаптардың бақылануы мен сақталуы қамтамасыз етілді.

Лагерьде 05-17.06.2023ж аралығында I ауысым бойынша 30 бала қамтылып, лагерьдің жұмыс регламенті, жоспары жауапты қызметкерлердің лауазымдық міндеттері, оқушылардың өмір қауіпсіздік жауапкершілігі, құжаттардың талапқа сай жүргізілуі, тізімі бұйрықпен бекітілді. Лагерьге келген әр оқушы өздерін жаңа қырларынан танытып, сабақта алған мәліметтерін өмірде қолдана білуге үйренді, жоспар бойынша шаралар уақытылы өткізілді.

19-30.06.2023 ж аралығында «ЖАЗ.BALA.FEST» жазғы демалыс алаңының II ауысымы өз жұмысын ұйымдастырды. Бұл ауысымда да 16 бала қамтылды.

«ЖАЗ.BALA.FEST» жазғы демалыс алаңы – 46 бала

Халықты қолдау қорынан – «Шұғыла» демалыс лагеріне - 2 бала

2023-2024 оқу жылы Жақсыбайкөл негізгі мектебінде балалардың жазғы демалыс уақытын тиімді пайдаланып сауықтырылуын және шығармашылығын дамытуын қамтамасыз ету мақсатында арнайы санат оқушыларына мектеп жанындағы тамақпен қамтылатын лагерь және мектеп жанындағы «Жарқын жаз» демалыс алаңы ұйымдастырылды. Жазғы сауықтыру маусымында лагерьде балалардың қабылдау дайындығын, өрт қауіпсіздігін, санитарлық- гигиеналық талаптардың бақылануы мен сақталуы қамтамасыз етілді. Лагерьдің жұмыс регламенті, жоспары, жауапты қызметкерлердің лауазымдық міндеттері, оқушылардың өмір қауіпсіздігінің жауапкершілігі, құжаттардың талапқа сай жүргізілуі, тізімі бұйрықпен бекітілді. Лагерьге келген әр оқушы өздерін жаңа қырларынан танытып, сабақта алған мәліметтерін өмірде қолдана білуге үйренді, жоспар бойынша шаралар уақытылы өткізілді.

03-14.06.2024 ж аралығында «Алтын балалық шақ» жазғы демалыс алаңының I ауысымы өз жұмысын ұйымдастырды. Бұл ауысымда да 23 бала қамтылды. «Алтын балалық шақ» жазғы демалыс алаңының II ауысымы өз жұмысын ұйымдастырды. Бұл ауысымда да 19 бала қамтылды.

«Алтын балалық шақ» жазғы демалыс алаңы – 42 бала

Сонымен қатар «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры аясында 2 оқушы Ақтөбе қаласындағы «Campit», лагерьінде демалды.

2024-2025 оқу жылы Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Жыл сайын демалыс уақытындағы балалар мен жасөспірімдердің толық демалуларына танып білу, шығармашылық және қоғамдық белсенділігін арттыруға, балалардың өзін-өзі ұйымдастыру қабілеттерін дамытуға, ғылыми, техникалық, көркем шығармашылық, спорт, саяхат пен өлкетану және басқа да танымдық қызмет түрлеріндегі білім мен іскерліктерін артыруға жағдай жасау мақсатында 1 маусымнан бастап барлық білім беру мекемелерінде оқушылар үшін жазғы сауықтыру маусымы ашылды. Осы мақсатта Жақсыбайкөл негізгі мектебінде «Алтын балалық шақ» жазғы демалыс алаңы өз жұмысын бастады. Жазғы демалыс балалардың жылдық бос уақытының айтарлықтай бөлігін алады. Ол мектептегі сабақтан гөрі баланың еркіндікке, өзі үшін қылықты істерді жасау және өз мүдделерінің еркін дамуы үшін қажеттіліктерін жүзеге асыратын кезең. Лагерь кез келген балаға өзін көрсетуге, өзін-өзі сыйлау мен өзін-өзі көрсете білудің жоғары деңгейіне жақындау мүмкіндігін береді. Жазғы сауықтыру маусымында лагерьде балалардың қабылдау дайындығын, өрт қауіпсіздігін, санитарлық- гигиеналық талаптардың бақылануы мен сақталуы қамтамасыз етілді. Лагерьде 01-13.06.2025ж аралығында I ауысым бойынша 14 бала қамтылып, лагерьдің жұмыс регламенті, жоспары, жауапты қызметкерлердің лауазымдық міндеттері, оқушылардың өмір қауіпсіздігіне жауапкершілігі, құжаттардың талапқа сай жүргізілуі, тізімі бұйрықпен бекітілді. Лагерьге келген әр оқушы өздерін жаңа қырларынан танытып, сабақта алған мәліметтерін өмірде қолдана білуге үйренді, жоспар бойынша шаралар уақытылы өткізілді.

16-27.06.2025 ж аралығында «Алтын балалық шақ» жазғы демалыс алаңының II ауысымы өз жұмысын ұйымдастырды. Бұл ауысымда да 18 бала қамтылды.

«Алтын балалық шақ» жазғы демалыс алаңы – 32 бала қамтылды..

**Жақсыбайкөл негізгі мектебінің әлеуметтік паспорты
2022-2023 оқу жылы**

№	Мәліметтер	Оқушы саны
1	Жалпы оқушылар саны <i>Оның ішінде:</i> Ұл балалар саны Қыз балалар саны Ұлттық құрамы Қазақ: Орыс: Өзге ұлт өкілдері Бастауыш сынып оқушылар саны (1-4) Орта буын оқушылар саны (5-9)	57 34 23 57 - - 24 33
2	Әлеуметтік жағдайы Барлық отбасы: Толық отбасы: Ондағы бала саны:	34 33 56
3	Толық емес отбасы Ондағы тәрбиеленіп отырған бала саны <i>Оның ішінде:</i> Әкесі қайтыс болған: Анасы қайтыс болған: Ата-анасы ажырасқан: Ата-әжесімен тұратын:	1 1 1 - - -
4	Аз қамтылған отбасы Ондағы тәрбиеленіп отырған бала саны	1 2
5	Көп балалы отбасы онда тәрбиеленіп отырған бала саны	10 25
6	Сәтсіз отбасында тәрбиеленіп отырған бала саны <i>Оның ішінде:</i> Өгей әкесімен тұратын бала саны Өгей анасымен тұратын бала саны	1 -

	<i>Оның ішінде:</i> Ұл балалар саны 24 Қыз балалар саны 23 Ұлттық құрамы Қазақ: 47 Орыс: - Өзге ұлт өкілдері - Бастауыш сынып оқушылар саны (1-4) 15 Орта буын оқушылар саны (5-9) 32 Жоғары сынып оқушылар саны (10-11) -	
2	Әлеуметтік жағдайы Барлық отбасы: 29 Толық отбасы: 28 Ондағы бала саны: 46	
3	Толық емес отбасы Ондағы тәрбиеленіп отырған бала саны 1 <i>Оның ішінде:</i> Әкесі қайтыс болған: 1 Анасы қайтыс болған: Ата-анасы ажырасқан: - Ата-әжесімен тұратын: -	
4	Аз қамтылған отбасы Ондағы тәрбиеленіп отырған бала саны 1	
5	Көп балалы отбасы онда тәрбиеленіп отырған бала саны 20	
6	Сәтсіз отбасында тәрбиеленіп отырған бала саны <i>Оның ішінде:</i> Өгей әкесімен тұратын бала саны - Өгей анасымен тұратын бала саны -	
7	Мұғалімнің тарапынан көмекті қажет ететін оқушылар саны Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала саны <i>Оның ішінде:</i> Патронаттық тәрбиеде Қамқоршылық тәрбиеде Мүмкіндігі шектеулі <i>Оның ішінде:</i> 1 Мүгедек бала Үйден оқитын бала Есепте тұрған оқушылар саны: <i>Оның ішінде:</i> Мектепшілік есепте Аудандық полиция бөлімінде Денешынықтыру пәнінен денсаулығына байланысты босатылған оқушылар саны:	
8	Арнайы түзету мекемесінде болған ата-ана саны: Арнайы түзету мекемесінде болған туыстар саны:	
9	Дін жолында жүрген отбасы балалар саны	
10	Ата-ана құрамы	

	Мүгедек ата-аналар саны:	-
	Зейнеткер ата-аналар саны:	1
	Жоғары білімі бар ата –аналар саны:	8
	Кәсіби орта білімі бар ата - аналар саны:	13
	Кәсіпкер ата-аналар саны:	-
11	Отбасы жағдайы: Жеке үйде тұратын отбасылар саны Оның ішінде бала саны: Көп қабатты үйде тұратын отбасылар саны: Ондағы бала саны: Жалдамалы үйде тұратын отбасылар саны: Оның ішіндегі бала саны: Жатаханада тұратын отбасылар саны: Оның ішіндегі бала саны	29 47 - - - - - -
12	Оқушылардың мектептен тыс үйірмелерге қатысымы <i>Оның ішінде:</i> Спорт мектебіне Саз мектебіне Оқушылар үйіне	- - -
13	Ыстық тамақпен қамтылуы: <i>Оның ішінде:</i> 1-4 сынып оқушылары 5-9 сынып оқушылары	16 15 1 -

Жақсыбайкөл негізгі мектебінің әлеуметтік паспорты
2024-2025 оқу жылы

Әлеуметтік санаттар	Саны	%
Барлық оқушылар	47	100%
Отбасы түрі бойынша:	30	100%
Толық отбасылар	29 Бала саны:46	96,7%
Толық емес отбасылар	1 Бала саны:1	3,3%
Анасы жоқ балалар	-	
Әкесі жоқ балалар	1	3,3%
Көп балалы отбасы	10 Бала саны:20	33,3%
Аз қамтамасыз етілген отбасы	-	
Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	-	
Мүгедек балалар , мүмкіндігі шектеулі балалар	1	2,13%
Азаматтығы жоқ білім алушылар	-	
Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	-	
Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде	-	

есепте тұрғандар		
Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	-	
Ата-аналарының білімі		
Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	5/12	28.9%
Техникалық және кәсіптік	7/7	23.7%
Орта	18/12	37.67%

4, 9-сынып оқушыларының тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім берудің күтілетін нәтижелерін және білім беретін оқу бағдарламаларын игерудің жетістіктерін айқындау бойынша оқыту нәтижелерін бағалау.

Талдау нәтижелері: Оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілген. Білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау бағытында білім беру деңгейлерін бітіруші 4, 9-сыныптардан тестілеу кесінділері алынды. Компьютерлік тестілеу офлайн түрінде өткізілді. Тестілеу кезіндегі пайыздық қатынас бағалау шәкілімен айқындалды. Материалдарды зерделеу барысында 4-сыныпта 67 %,

9-сыныпта 50%, Тестілік бақылауға оқыту нәтижелерін бағалауға жататын барлық тиісті бір білім деңгейі бойынша контингенттің тізімдік құрамынан білім алушылардың қатысуы 100%-дан жоғары, яғни сәйкес келеді. Білім беру ұйымында бітіруші сыныптардың тестілеу нәтижелері төмендегідей:

№	Сыныбы	Тізім бойынша оқушылар саны	Нақты қатысқан оқушылар саны	Бағалар саны 5	Бағалар саны 4	Бағалар саны 3	Бағалар саны 2	Орташа балл	Оң бағалар %
1	4-сынып	3	3	0	1	1	1	15	67%
2	9-сынып	8	8	0	1	3	4	24,5	50%

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау

8. Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респондентердің сауалнамасы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-тарау 8-тармағы негізінде 2025 жылдың 15-16 мамыр аралығында білім беру процесіне қатысушылардан телеграмм мессенджері арқылы білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін сауалнама алынып төмендегі нәтижелерді көрсетті. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-қосымшасында талап етілгендей бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын- 4, 9 кластарға сабақ беретін – 13 педагогі тізім бойынша 100 % қатысып, **99,5 %** сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанғандығын көрсетіп, 5- балға сәйкес деп, 4, 9-сыныптардың **білім алушыларынан** 100 % қатысып, **83,5 %** көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанғандығын және **олардың ата-аналарының** (заңды өкілдеріне) 12-і қатысып **-98%-**, білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанғандығын көрсетіп, **5- балға** сәйкес деп бағаланды.

4-9 оқушы

№	Сұрақ	толық келісемін	Келісемін /иә	Келіспеймін /жоқ	толық келіспеймін
1	Мен өз мектебімде оқуға қызығамын	9	2	0	0
2	Мен сүйікті заттарым бар	6	5	0	0
3	Менің сүйікті мұғалімдерім бар	7	4	0	0
4	Біздің мектеп мұғалімдеріне қиын жағдайда кеңес пен көмек сұрауға болады	6	5	0	0
5	Сабақта мен әрқашан өз пікірімді еркін айта Аламын	7	4	0	0
6	Сабақта мұғалім менің мінез-құлқымды емес, менің білімімді бағалайды	8	3	0	0
7	Мен мектепте жиі шаршаймын	0	1	9	1
8	Менің мектебімде дербес және жиынтық жұмыстардың саны бір күнде екіден көп	0	4	7	0
9	Мен мектепте өзімді қауіпсіз сезінемін, психологиялық тұрғыдан ыңғайлы	5	6	0	0
10	Мен тамақтану сапасына қанағаттанамын	4	7	0	0
11	Мен өз құқығымды білемін	10	1	0	0
12	Мен үйірмелерге, секцияларға, барамын	3	6	2	0
13	Менде мектеп істеріне қатысуға деген ұмтылыс пен қажеттілік бар	6	5	0	0
14	Менің мектебімде ол үшін пайдалы және маңызды нәрсе жасаған кезде менің жетістіктерім байқалады	4	7	0	0
15	Мен өз мектебімді жақсы көремін және онда оқығанымды мақтан тұтамын	3	8	0	0
16	Сізге не ұнамайды және нені түзеткіңіз келеді	0	1	8	2
	Барлығы:11	44,3%	39,2%	14,8%	1,7%

4-9 сынып білім алушыларымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Қатысқан оқушы саны	толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	11	44,3%	39,2%	14,8%	1,7%
		83,5%-5 балл			

4-9 сынып білім алушыларының ата-аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақ	толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	Менің балам мектепке қуана барады	8	4	0	0

2	Сыныпта қолайлы атмосфера бар	5	7	0	0
3	Мектеп сапалы білім береді	7	5	0	0
4	Оқу пәндері менің балама оңай беріледі	6	6	0	0
5	Мұғалімдер біздің баланың оқудағы жетістіктерін әділ бағалайды	5	7	0	0
6	Біздің баламыз оқу сабақтары мен үй тапсырмаларына шамадан тыс жүктелмейді	1	10	1	0
7	Мектепте қолданылатын оқытудың жаңа тәсілдері біздің баламыздың қабілеттерінің көрінісі мен дамуына жағдай жасайды	3	8	1	0
8	Мен баланың оқу жетістіктері мен мінез-құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанамын	4	8	0	0
9	Мен мектептегі сабақтан тыс жұмыс бағдарламасына ризамын	3	8	0	
10	Мен баламның сынып жетекшісінің жұмысына Қанағаттанамын	7	5	0	0
11	Мектепте біздің баламыз үшін пайдалы және қызықты іс-шаралар өткізіледі	4	8	0	0
12	Мен мектеп асханасы\буфет жұмысымен қанағаттанамын	2	10	0	0
13	Педагогтар педагогикалық этика нормаларын сақтайды	3	9	0	0
14	Менің балам мектепте қауіпсіз	5	7	0	0
15	Мектепте олар біздің баламыздың денсаулығына қамқорлық жасайды	8	4	0	0
16	Мен мектеп әкімшілігінің жұмысына Қанағаттанамын	9	3	0	0
17	Мектеп өміріне қатысуға ниет бар	3	8	1	0
18	Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.	1	10	1	
	Барлығы: 12	39%	59%	2%	0%

4-9 сынып білім алушыларының ата-аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Қатысқан ата-анасы	толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	12	39%	59%	2%	0%
		98%-5 балл			

Бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын педагогтармен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақ	толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	Мен осы мектепте жұмыс істегенімді мақтан тұтамын	11	2	0	
2	Мен тиімді әдістемелік көмек аламын	6	7	0	0
3	Мен еңбек жағдайына қанағаттанамын	4	9	0	0
4	Мен мектеп әкімшілігінің жұмыс стиліне қанағаттанамын	7	6	0	0

5	Мектеп оқушылар арасындағы жанжалдарды тоқтатады және тиімді шешеді	7	6	0	0
6	Мен мектептің оқу-материалдық базасына қанағаттанамын	4	9	0	0
7	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар	4	8	1	0
8	Мен мектептегі тамақтану сапасына қанағаттанамын	2	11	0	0
9	Әріптестер маған көмектесуге әрқашан дайын	8	5	0	0
10	Оқу сабақтарын сәтті өткізу үшін мектеп барлық қажетті оқу-әдістемелік және техникалық құралдарды ұсынды	4	9	0	0
11	Мектепте менің кәсіби және шығармашылық өсуім үшін жағдай Жасалған	3	10	0	0
12	Мектепте педагогтарды көтермелеу әдістері белгіленген	3	10	0	0
13	Мен жұмыс істейтін балалар білімге ұмтылады	5	8	0	0
14	Мен оқушылармен қарым-қатынасыма қанағаттанамын	3	10	0	0
15	Мен сынып жетекшісі ретіндегі жұмысым жақсы жолға қойылған .	3	10	0	0
16	Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектеп туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.	1	12	0	0
	Барлығы:	36%	63,5%	0,5%	0%

1-9 сынып білім алушыларына сабақ беретін педагогтерге жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Қатысқан педагог саны	толық келісемін	келісемін/нә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	13	36%	63,5%	0,5%	0%
		99,5 %-5 балл			

10.Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

- 1.Іс тәжірибе алмасу, озық тәжірибелерді енгізу, ғылыми тұрғыда дамыту бағыты бойынша сынып жетекшілерінің жұмысы өзара тәрбие сағаттарына ену мен сынып жетекшілерінің отырысымен шектелген.
- 2.Білім алушыларды шығармашылық, зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелерін жетілдіру.
3. Мектептің материалдық-техникалық базасының «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» №70 бұйрықта көрсетілген өлшемшарттардағы талаптардың кейбірінің орындалмауы.

Қорытындылар мен ұсыныстар

1. Пән мұғалімдерінің білім алушыларды түрлі білім саласындағы жарыстар мен конкурстарға қатыстыруда ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы «7» желтоқсандағы №514 бұйрығымен бекітілген байқау тізімдерін басшылыққа алынған..
 2. Пән мұғалімдерінің кейбір пәндерден оқушылар жетістігін зерделей отырып, үлгерімі төмен оқушылармен қосымша жұмыстарды жүйелі жүргізілген;
 - 3.Мектептің материалдық-техникалық базасы мемлекеттік білім беру стандартын толық көлемде орындауға, оқу үрдісі мен сыныптан тыс іс-шараларды қажетті әдістемелік деңгейде жүргізуге толық мүмкіндік жасайды.
- 3.ҚР тәрбиеге қатысты нормативтік талаптары орындалған. Тәрбиенің кешенді бағдарламасы бойынша барлық бағыттарда жүйелі жұмыс жүргізілді.
- Мектептің оқу-әдістемелік жұмысының құрылымы жасалып, негізгі бағыттар бойынша жұмыстар айқындалған, оқу-әдістемелік жұмыстардың бағыттары бойынша жұмыстар жүйеленген, барлық бағыттарының құжаттары тіркеліп жинақталған. Мектептің әдістемелік қызметінің жүйесі, бағыттары бойынша нормативтік талаптар орындалған.
4. «Ақтөбе облысының білім басқармасының Ойыл ауданының білім бөлімі» ММ «Жақсыбайкөл негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталған.
- .

Комиссия төрағасы



Шаутинов Жұмабай Мұхитұлы
(толық аты-жөні)

Комиссия мүшелері

(қолы)

Тұрғалиева Әсем Мухамедиярқызы
(толық аты-жөні)

(қолы)

Қатарбаева Аружан Нұрсұлтанқызы
(толық аты-жөні)

(қолы)

Мұхит Назерке Мұхитқызы
(толық аты-жөні)

(қолы)

Балпашова Гаухар Ивановна
(толық аты-жөні)

(қолы)

Узақбаева Асемгул Амантаевна
(толық аты-жөні)

(қолы)

Сабырова Гүлнұр Орынғалиқызы
(толық аты-жөні)

(қолы)

Тайбурин Дастан Алимович
(толық аты-жөні)